

**ӘОК 373.2**

**А.А. Кокумбаева,**

№ 19 ЖОББМ (Павлодар қ.),

**Ж.К. Даниярова,** педагогика ғылымдарының кандидаты

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

E-mail: almagul\_\_10@mail.ru

### **«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру**

***Аңдатпа.** Берілген мақалада мектеп бағдарламасына енгізілген «өзін-өзі тану» пәнінің мақсат-міндеттері және пәннің жас ұрпаққа тәрбиесіндегі орны жан-жақты қозғалды. Адамгершілік тәрбие мәселелерін қарастырған ғалымдар еңбектері негізгі нысанға алынады. Оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру жолдары көрсетіледі.*

***Түйін сөздер:** өзін-өзі тану, рухани-адамгершілік құндылықтар, адамгершілік тәрбие, жас ұрпаққа тәрбиесі, мектеп бағдарламасы.*

Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы.

Әбу-Насыр Эль Фараби

XXI ғасырдың табалдырығын аттаған еліміз әлемнің дамыған 30 елдің қатарына кіруге бет алды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Біз тұрғызатын қоғам арды бағалайтын, белсенді, жоғары моральді, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұру керек» – деп көрсетеді [1]. Сондықтан еліміздің туын биікке көтерер білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ – біздің алдымыздағы ең басты маңызды міндеттердің бірі. Бұл тұрғыдан 2010 жылдардан бастап ҚР орта мектептерінде оқытыла бастаған өзін-өзі тану пәнінің ролі зор. Өйткені «Өзін-өзі тану» пәні – ұлқыздарымыздың жеке өзі мен өзін қоршаған ортамен үйлесімділікте өмір сүруге баулуды көздейді.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы негізгі мақсатымыз – өзіндік адамгершілік құндылықтарын бала бойына дарыта отырып, оның рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру.

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру болмақ. Қазіргі уақытта қала жастары ғана емес, берекелі ауыл мен ақ көңіл, жайдары, ойлары таза, рухани құндылығы мен адамгершілігі жоғары, тәрбиелі ауыл адамдары да өзгерген. Мысалы, адам айтса нанғысыз аурулардың көбеюі, адамгершілік қасиеттеріміздің жүдеу тартуы, кісі өлтіру, үй тонау, маскүнемдік пен нашакорлық сияқты жат қылықтармен қатар мейірімсіз, қатігез жастар ауылдан да орын алады. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді дана халқымыз. Ендеше, жас ұрпақтың осындай күйге түспеуіне, олардың рухани бай, адамгершілігі мықты, бір-бірімен достық қарым-қатынаста өмір сүруіне жағдай жасау кезек күттірмейтін мәселе екені анық. Мұнда, әсіресе, оқушылар тәрбиесіне мектептегі дұрыс ұйымдастырылған тәрбие іс-шараларының ықпалы зор болары сөзсіз.

Адамгершілік тәрбие мәселелері көптеген педагог ғалымдардың (Я.А. Коменский, И.Г. Гербарт, А.Н. Кочетов, А.С. Макаренко, т.б.) еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

И. Г. Пестолоции еңбек адамгершілікке үйретеді, балалардың бірімен-бірін өзара және олардың ересектермен дұрыс қарым-қатынаста болуын қалыптастырады деп санады [2].

Кеңес педагогі А.С. Макаренко – адамгершілік тәрбиесін ұжым арқылы қалыптастыруға аса көңіл бөлген ғалым, педагог.

Адамгершілік тәрбиесі қазақ зиялыларына да тереңнен толғандырған. Абай, Шәкәрім өз еңбектерінде тұлға бойында, рақымшылық, қанағат, төзімділік, жауапкершілік секілді қасиеттердің қалыптасуына көп көңіл бөлген. Бұл тұлғаның адамгершілігінің белгісі ретінде қарастырған. Сол секілді қазақ ағартушылары Ы. Алтынсарин, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов балаға адамгершілік тәрбие беруді оқу-тәрбие ісінде пайдалануға айрықша көңіл бөлу қажеттілігін барынша дәлелдеуге талпынды.

Адамгершілік сезімдерге ұнату мен ұнатпау, құрметтеу мен жек көру, сыйлау мен рақымсыздық, сүйіспеншілік пен өшпенділік жатады.

Адамгершілік тәрбиесінің өзекті міндеті – өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғамның алдында тұрған мақсат мүддесіне сай адамгершілік қасиеттердің тұтастығын тәрбиелеу.

Адамгершілік тәрбиесі – күрделі де қайшылыққа толы процесс. Сондықтан адамгершілікке баулу дегеніміз – ол адамдардың үлкен бе, кіші ме, әрбір істеген ісін, сөйлеген сөзін, өзгелермен қарым-қатынасын ақылға салып, ар-ұят таразысынан өткізіп, біліммен ұштастырып, ең әділ, ең дұрыс жолын тандап ала білуі.

Бала дамуының алғашқы кезеңінен яғни адамгершілік туралы ұғымдарды саралап, санасына сіңіре бастайды. Моральдік-этикалық дәстүр мәдениетінің толысқан сферасы ретінде дәстүрлі педагогикалық

мәдениетті қалыптастыра отырып өскелең ұрпақты, адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі құралы, формасы, әдіс-тәсілдері, адамгершіліктің қайнар көзі, ілкі бастауы бола алады.

Кейбір зерттеушілер адамгершілік дәстүрлерін ұрпақтан-ұрпаққа берілген күйде өзгеріссіз, ал өзгерген жағдайда ұзақ уақыт қызмет ететін мораль элементінің тұрғысында қарастырады.

Бұған А.Д. Макаренконың «Адамгершілік немесе моральдық саласында қызмет ететін және моральдық қатынасты бейнелейтін дәстүрлер» деген еңбегі дәлел, ұлттық адамгершілік деп отырған ұғымдарымыздың түп төркіні моральды-этикалық дәстүрдің сара жолына әкеп тірейді [3]. Тәрбиенің дәстүрмен тығыз байланысты тұңғыш қарастырушы К.Д. Ушинский болды. Ол өз еңбектерінде тәрбиенің халықтық сипатына, еңбектің тәрбиелік және психикалық сипатына және тәрбиедегі адамгершілік мәселелеріне көңіл бөле отырып «Тәрбие көзі – халықтық педагогика» деген тұжырымға келген. Осы идеяны қазақ жерінде жалғастырушы педагог Б.Алтынсарин мынадай адамгершіліктің 7 жақсы қасиет атап көрсетеді: имандылық, сыпайылық, адал ниетпен өсиет беру, жомарттық, қайырымдылық, адалдық, ақкөңілдік [4].

Ә. Фараби: «Достық – адамгершіліктегі жақсы қасиет, бұл өзі адамның басқа адамдармен тиісті шамада қарым-қатынас жасауынан туады, осының арқасында ол өзінің жүріс-тұрысынан, сол адамдармен әңгімесінен жақсы ләззат алады [4]. Бұл жөнінде артық кету – жарамсақтыққа соғады, ал достыққа кемтар болу – тәкәппарлыққа итереді. Ал енді осы ретте ол басқаны ренжітетін іс жасаса, онда бұл дұрдараздыққа апарып соғады».

М. Әуезовтің де педагогика, методика мәселелері жайлы мәселе көтергені белгілі. «Ғылым» атты еңбегінде: «Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, алған үлгі, өнеге білетіндігінен және түзелу, бұзылу жас уақытта болады [5]. Көпшілікті адамгершілікке тәрбиелеу үшін жас буынды тәрбиелеу қажет. Адамшылықты таза жүргізу үшін – көп ой керек, ойлау үшін оқу керек және оқу әр тараптан мағлұмат беріп, ақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңіліне жақсылықпен тәрбие беру керек».

Осыған сәйкес соңғы жылдары «Бөбек» қорының Президенті С.А. Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру жобасы жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамытып, қалыптастырудың тиімді жолын көрсетуде.

Бұл бағдарламаның міндеті – баланы рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұнын құрайтын қайырымдылық, сұлулық, достық, бақыт, сүйіспеншілік сияқты құндылықтарға баулу; балаға өзінің қайталанбайтын жеке ерекшелігін, өзіндік орны бар адам екендігін сезіндіру; баланың бойындағы жақсы әдеттерін сақтап, жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету; күнделікті бірлесе атқаратын іс-әрекеттер барысында балалардың бойында өзінің құрбыларымен адамгершілік қарым-қатынас жасау, олармен санасу және жанашырлық сезімдерін дамыту.

Сабақтар барысында «шаттық шеңбері», «тыңдайық – ойланайық», «ойнайық», «сергіту сәті», «әңгімелесейік» деген әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, бала бойына адамгершілік-рухани тәрбиесін беруге тырысамын.

Қорыта айтқанда, рухани-адамгершілік тәрбие өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлеріне сәйкес келетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру – жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу арқылы өскелең ұрпақтың болашағына жол сілтеп, бағдар бере аламыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы, 2014.
- 2 Құрманбаева М. Тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу. – Бастауыш мектеп, № 1. – 2005.
- 3 Сыдықов М.Е. Жеткіншектердің рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық диагностикасы // Білім, 2007. – Б. 25–28.
- 4 Есжанов А.Е. Қазақ халқының ұлттық рухани құндылықтары жайында // Білім, 2006. – Б. 5–7.
- 5 Өтебаева Ә. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің шарттары // Қазақстан Мектебі, 2006. – № 10. – Б.70–73.

## REFERENCES

- 1 Nazarbayev N.A. «Kazakhstan–2050: bir maksat, bir mudde, bir bolaschak» Zoldau, 2014.
- 2 Kurmanbayeva M. Bringing up moral education to Personality. – Primary school, № 1. – 2005.
- 3 Sydykov M.E. Redagogical diagnosis of formulating values of moral education // Education, 2007. – S. 25–28.
- 4 Yeszhanov A.E. About moral education of Kazakh nation // Education, 2006. – S. 5–7.
- 5 Otebayeva A. Requirements of moral education // Schools Kazakhstan, 2006. – № 10. – S. 70–73.

**РЕЗЮМЕ**

**А.А. Кокумбаева,**

*СОШ № 19 (г. Павлодар)*

**Ж.К. Даниярова,** кандидат педагогических наук

*Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)*

**Формирование у учащихся духовно-нравственных ценностей  
через предмет «Самопознание»**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы функционирования в школьный программе предмета «самопознания», постановка целей и задач в процессе воспитания подрастающего поколения. За основу взяты идеи духовно-нравственного воспитания учащихся.

**Ключевые слова:** самопознания, гуманистическое воспитание, воспитание подрастающего поколения, школьная программа.

**RESUME**

**A.A. Kokumbayeva,**

*SGS №19 (Pavlodar)*

**Zh.K. Daniyarova,** candidate of pedagogical Sciences

*Innovative University of Eurasia (Pavlodar)*

**Formation of spiritual and moral values among pupils through the "Self-knowledge" discipline**

*In the article, the questions of functioning of "self-knowledge" discipline in the school curriculum, setting goals and tasks in the process of educating the younger generation are considered. Based on the ideas of the spiritual and moral education of students.*

**Keywords:** self-knowledge, values of moral education, upbringing of the younger generation, school curriculum.